

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының себептері және оның алдын алу мәселелері



Орындаған М-108(қ) студенті: Закарин Ақылбек

Кіріспе


Өзектілігі: *Бүгінде жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елең қылып отыр. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүр боламыз. Жыл сайын жаз маусымы басталып, оқушылар демалысқа шыққанда жасөспірімдердің тәртібін қадағалайтын құқық қорғау органдарының жұмысын екі есе көбейеді. Бұл проблема міндетті түрде шешілуі тиіс.*

Жұмыстың мақсат міндеттері

Бұл жұмыстың басты мақсаты статистикаға сүйене отырып, Қазақстандағы жасөспірімдердің құқық бұзу деңгейін анықтай отыра, оны шешу жолдарын айқындау. Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер орындалуы тиіс:

- **Әр жылда кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдермен жасалатын құқық бұзушылық деңгейін салыстыру.**
- **Жастарды қылмыс жасауға итермелейтін факторларды анықтау.**
- **Құқық бұзушылықпен күресетін мемлекеттік заңнамаларға шолу жасау.**

СТАТИСТИКА



Мемлекет тарапынан жасалған шаралар

Осы жылдың 15-ші шілдесінде Астанада қылмыстық қастандықтан бала құқығын қорғау шараларына арналған брифинг өтті. Әкімшілік полиция комитетінің бөлім басты Әсет Оспанов келтірген мәліметтер бойынша соңғы он жылда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс орташа алғанда 6%-ға төмендеген, мәселен кісі өлтіру 5 есеге, тонау 7 есеге, денсаулығына залал келтіру мен зорлық 3 есеге төмендеген

Қылмыс жасауға итермелейтін факторлар

Қазақ халқында «ел болам десең бесігіңді түзе» деген дана сөз бар, жалпы қылмыс санын азайту үшін балалар, жасөспірімдер мәселесіне баса назар аудару қажет, олардың қылмыс жасауына не себеп болады? Деген сұраққа жауап табу қажет. Менің ой қорытуым бойынша құқық бұзушылыққа басты себеп болатын мына жағдайлар:

- ▮ Жасөспірімдер тәрбиеленіп отырған отбасылардың әлеуметтік жағдайы мен құқықтық мәдениетінің төмендігі;
- ▮ Кәмелетке толмағандардың түрлі себептермен оқудан тыс қалуы;
- ▮ Кәмелетке толмағандардың бос уақыты, тұрмыстық және еңбек жағдайы дұрыс ұйымдастырылмауы;
- ▮ Жасөспірімдердің түрлі жағдайлармен жетім қалуы, статистика бойынша ауыр қылмыстардың басым бөлігін жетімдер үйінің жеткіншектері жасайды, бұның себебі ана жылуын көрмеген бала аса қатыгез болады;

Құқық бұзушылықпен күресетін заңнамамен танысу

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 заңы

Осы Заң кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

Заңнама:

1. Жалпы ережелер;

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің функциялары және өкілеттіктері;

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

4. Ұлттық алдын алу тетігі;

Осы 4 - тараудан 36 - баптан тұрады. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыспен осы заңнамаға сүйене отырып қарсы күрескен жағдайға, құқық бұзушылық санын азайтуға толық мүмкіндік бар.

Қорытынды

Жас жеткіншектердің қылмысқа бой ұру мәселесі тек құқық қорғау органдарының ғана емес, ата-ананың, мектептің, басқа да мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың қадағалауын талап етеді. Себебі психолог мамандардың зерттеуіне сенсек, жас баланың саналы азамат болып қалыптасуында оның жанұяда, мектеп қабырғасында, көшеде көрген өнегелері ерекше орын алады. Ал сабақтан тыс уақыттарда, каникул кездерінде демалыс маусымдарының дұрыс ұйымдастырылмауы, көшедегі келеңсіз оқиғалардың көптігі мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне сын. Егер елдегі әртүрлі ұйымдар сабақтан қолы босаған оқушыларға арнап спорттық кешендер ашып, жарыстар өткізіп тұрса, жас жеткіншектердің шығармашылық қабілетін бағалайтын үйірмелер ұйымдастырса, жас балалардың жаман іске үйір болуына, тіпті мойын бұруына, мұршасы болмас еді.